



Н У Р С У Л Т А

№ 2 (5190) сенбі

8 қаңтар 2011 жыл

Газет 1963 жылдан бастап шығады

Аудандық қоғамдық саяси газеті

УВАЖАЕМЫЕ ПРАВОСЛАВНЫЕ ХРИСТИАНЕ!

От всего сердца поздравляем вас со светлым праздником - Рождеством Христовым.

Для каждого христианина этот праздник связан с общечеловеческими идеалами – верой, милосердием и добротой. В этот день дома верующих наполняются миром, а сердца – любовью. Люди задумываются над вечными ценностями бытия, становятся более чуткими к ближним.

Полноценное развитие нашего общества, сохранение его нравственных основ стало возможным благодаря мудрой политике Главы нашего государства Нурсултана Абишевича Назарбаева по упрочению гражданского мира, межконфессионального и межнационального согласия.

Искренне желаем православным верующим нашего района крепкого здоровья, новых радостей, счастья и благоденствия. Вы прилагаете значительные усилия для укрепления духовного здоровья наших сограждан, мира и согласия между ними, воспитания патриотизма. Убеждены, что высокие идеи христианства всегда будут способствовать торжеству добра и справедливости.

Пусть красота рождественских дней сопутствует вам на протяжении всего года, делает возвышенными ваши устремления и придает силы для созидательного труда.

Счастливого вам Рождества!

С.ШАЙДАРОВ,
аким Нуринаского района

Е.ТУРАНОВ,
секретарь районного маслихата

В поддержку референдума

Канат Жариясович ОТАРБАЕВ,

депутат Нуринаского районного маслихата, директор ТОО «Отканжар», кавалер ордена «Күрмет», золотой призер конкурса по социальной ответственности бизнеса «Парыз - 2010» в категории субъект среднего предпринимательства по номинации «Лучший социальный проект»

Я всецело поддерживаю предложение инициативной группы в Усть-Каменогорске о проведении республиканского референдума по продлению срока президентских полномочий первого Президента Республики Казахстан – Лидера нации Нурсултана Абишевича Назарбаева до 2020 года.

Я согласен с тем, что это решение укрепит нашу уверенность в будущем, сплотит наш народ, придаст нам силы на новые свершения во имя нашей Родины – Республики Казахстан.

2011 год – год двадцатилетия Независимости Республики Казахстан. Всего 20 лет наша страна существует как самостоятельное независимое государство. И мы все видим, какие бесспорные успехи достигнуты за эти недолгие годы.

Своими достижениями и авторитетом в мире наша страна обязана Нурсултану Абишевичу Назарбаеву, который всю свою жизнь посвятил народу Казахстана, благодаря которому мы живем в мире и согласии.

Я уверен, под дальнейшим его руководством мы сделаем нашу страну еще более процветающей.

Василий Петрович БАТУРА, “Қайнар” ЖШС-інің бригадирі

Өскемен қаласында болған Қазақстан қауымы өкілдерінің жиналысында біздің Президентіміздің өкілеттігін 2020 жылға дейін ұзарту жөніндегі бүкіл халықтық референдум өткізу бастамасын сөзсіз қолдаймын.

Мен, сонау тың игеру жылдары Қазақстанға қоныс аударған диқаншылар әулетіненмін. Өзім де осы құрметті істі 30 жылдан бері жалғастырып келемін. Біздің елімізде сан ұлт өкілдері тату - тәтті өмір сүріп, қоян-қолтық еңбек етуде. Елбасының сарабал саясатының арқасында кең байтақ Қазақстанда ұлтаралық келдісім мен татулық орнаған. Біз келешегімізге сенімдіміз!

Н.Назарбаевтың басшылығымен біздің еліміз тәуелсіз, әлем қауымдастығы мойындаған мемлекетке айналды. Астанадағы Саммит еліміздің және оның Президентінің беделін көрсетті. Біздің еліміздің табыстарын Елбасының жемісті еңбегімен, сындарлы саясатымен, кемеңгерлігімен байланыстырамын. Сондықтан, мен референдумды қолдаймын, Нұрсұлтан Әбішұлына дауыс беремін.

Уважаемые жители района!

С 21 января 2010 года начинаются отчетные встречи акима района Шайдарова Серика Жаманкуловича. Обращаемся к вам с просьбой присылать свои замечания, отзывы и предложения о работе органов исполнительной власти, акимов сел и поселков.

Свои предложения и замечания можете направлять в аппарат акима района, где установлен ящик для корреспонденции с предложениями от населения. Также вы можете позвонить по телефону «горячей линии» 22491, 21632 или передать на сайт: akimat_nura@mail.ru.

Все замечания, предложения и отзывы будут изучены и обобщены для принятия соответствующих мер.

Аппарат акима Нуринаского района

Тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту- басты мақсат

Нұра ауданының әкімі Серік Жаманқұлұлы Шайдаровтың халық алдындағы есебі

Елбасының «Жергілікті атқарушы органдар басшыларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» 2005 жылғы 6 сәуірдегі Жарлығына сәйкес еліміздің барлық аймақтарында барлық деңгейдегі әкімдердің халықпен есепті кездесулері өтіп жатыр.

Галқылауға азаматтардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету үшін есеп беру мәтіні аудандық баспасөз бетінде жарияланып, тұрғындардың әл ауқатын көтеру және жергілікті атқарушы органдардың өздеріне жүктелген міндеттерді атқару барысында халық алдындағы жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік туғызады.

Елбасы жергілікті атқарушы биліктің тұрғындар алдында өзіне жүктелген міндеттерін атқаруда жауапкершілігін арттыруға аса зор мән береді. Сол себепте тұрғындар мен билік арасындағы ашық әңгіме іспеттес барлық деңгейдегі әкімдердің халық алдында есеп беру кездесулері өткізілуде.

Аудан әкімінің 2010 жылы барлық елді мекендерде өткен халыққа есеп беру кездесулеріне 4645 тұрғын қатысып, 132 адам пікірлерін білдірді. 2010 жыл бойы халықтан түскен ұсыныс, өтініштер бойынша тұрақты мониторинг жүргізіліп, оның нәтижелері жергілікті баспасөз беттерінде жарияланды. Елімізде болып жатқан оң өзгерістерді атаған 90 жағымды пікір түсті. Есепті кездесулер уақытында 34 ұсыныс түсіп, оның 32 – сі ішкі бақылауға алынды, Облыс деңгейінде шешуді талап ететін екі ұсыныс бойынша нақты шаралар әзірленіп, олардың орындалуы бақылауға алынған. Барлық ұсыныстар мен өтініштер қарастырылған уақытта орындалды. Өзекті ұсыныстар ретінде тұрғындар ауыз – сумен қамтылу, байланыс сапасы, жолдарды салу мен жөндеу мәселелерін көтерді. Азаматтардың ұсыныстарының орындалуы аудан әкімінің жиынында қаралып, нәтижелері аудандық газет бетінде жарияланып отырды.

Қазақстан Республикасының « Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңын орындау мақсатында өтініштер мен арыздарды тіркеу және қарау мәселесі бақылауға алынып, азаматтардың наразылығын туғызатын себептерге жүйелі талдау жүргізіліп, оларды жою бойынша шаралар қолданылды. Аудандық « Нұра» газетінде тұрғындардың сұрақтары бойынша материалдар, сонымен қатар атқарушы органдардың сенім телефондар нөмірлері үнемі жарияланып отырды.

Барлық мемлекеттік органдарда және ауыл, кент әкімдері аппараттарында азаматтардың шағымдары үшін жәшіктер орнатылған. 2010 жылда оларға үш арыз түскен.

2010 жыл бойы Нұра ауданының әкімі аппаратына жеке тұлғалардан 492, заңды тұлғалардан 46, ал аудан әкімінің жеке қабылдауы барысында 80 өтініш түсті. Жоғары органдар арқылы 41 өтініш түсті. (2009 жылда – 27), Қазақстан Республикасының Парламент Сенаты арқылы - 1, Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісі арқылы - 5, облыс әкімі аппараты арқылы - 25), « Нұр Отан» ХДП арқылы - 1, Қарағанды облыстық мәслихат арқылы -7, облыстық тілдерді дамыту басқармасы арқылы - 1, ішкі саясат басқармасы бойынша - 1, және қадағалау органдары (Нұра ауданының прокуратурасы) бойынша 2 өтініш түсті.

2009 жылы түскен 492 өтініштің : 76-сы – жер мәселелері, 9 –ы жұмыспен қамту сұрақтары, 181 –і материалдық көмек көрсету, 87 – сі тұрғын үймен қамтамасыз ету және үй бөлу бойынша кезекке тұрғызу, ауыл шаруашылық мәселесі бойынша -43, несиелендіру мәселесі - 2, ауыз сумен қамту - 7, 6 – архитектура сұрақтары, білім беру және спорт -28, қоршаған ортаны қорғау -3 және 24 - басқа мәселелер бойынша. Өткен жылмен салыстырғанда көтерілген сұрақтар ішінде материалдық көмек сұрау және тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелері көбейген.

350 өтініште көтерілген мәселелер оң шешім тапты, 126 өтініш бойынша түсінік берілді, 5-і қанағаттандырылмады, екеуі ҚР « Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі» Заңының 14 бабының 7 тармағына сәйкес тоқтатылды, 1-і қаралу үстінде, 7-і бағынышты органдарға жіберілді.

Заңды тұлғаларда түскен 46 өтініштер бойынша: 34 –і жер мәселелері, 3 –і құрылыс және сәулет, 8-інде ауыл шаруашылық және басқа -1 мәселелері көтерілген. 27 өтініште қойылған сұрақтар оң шешім тапты, 13-і бойынша түсінік берілді, 4 –і қанағаттандырылмады, 1-і ҚР « Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі» Заңының 14 бабының 7 тармағына сәйкес тоқтатылды, 1-і бағынышты органдарға жіберілді.

Азаматтарды қабылдау аудан әкімі және оның орынбасарларымен аудан әкімі бекіткен кесте бойынша жүргізілді. Азаматтарды қабылдау кестесі аудандық «Нұра» газетінде жарияланды.

Әр айдың соңғы жұмасында аудан әкімі аппаратында «Ашық есіктер» күні өтіп тұрды. Ол туралы хабарландыру аудандық «Нұра» газетінде жарияланған. Ай сайын ҚР « Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі» Заңының орындалуы жайында Бас Прокуратураның Қарағанды облысы бойынша құқықтық статистика және арнайы есеп беру комитетінің басқармасына есеп беріліп тұрды. 2010 жылы аудан әкімінің жеке қабылдауында 80 тұрғын болды, олардың 31-і тұрғын үй сұрақтары, 2 –і материалдық көмек көрсету, 27 –сі жұмысқа орналастыру, 5-і жер сұрақтары, несиелену мәселесі -2, басқалары – 13. Олардың 9-ы оң шешім тапты, 71-і бойынша түсініктеме берілді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша жұмыс үнемі бақылауда.

Біздің ауданымыз Мемлекет басшысының атқарушы билік алдына қойып отырған міндеттерді орындауға белсенді қатысуда. Елімізде жүргізіліп жатқан оң өзгерістер аудан экономикасының дамуына оң әсерін тигізуде.

2010 жылы Нұра ауданының әлеуметтік – экономикалық даму жөніндегі жұмыстарының негізгі бағыты ең алдымен « Қазақстан 2020 жылға дейінгі даму Стратегиясынан» және Қазақстан Президентінің « Жаңа онжылдық жаңа экономикалық өрлеу- Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Жолдауында көрсетілген басымдылықтарынан туындайды.

Жұмыс ауданның 2010-2014 жылдарға арналған әлеуметтік экономикалық даму болжамына, мемлекеттік органдардың 5 жылдық мерзімді жоспарларына, және мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесіне негізделген 2010-2012 жылдарға арналған аудандық бюджетке сәйкес іске асырылуда.

Жалғасы 2ші бетте

Тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту- басты мақсат

Нұра ауданының әкімі Серік Жаманқұлұлы Шайдаровтың

халық алдындағы есебі

Жалғасы. басы 1-ші бетте
Нұра ауданының 2011-2015 жылдарға арналған даму бағдарламасы әзірленіп, аудандық мәслихат сессиясында бекітілді. Бұрынғы қабылданған бағдарламалар өз күшін жойды.

1. Экономиканың нақты секторы. Жыл басынан өнеркәсіп өнімдерін өндірудің оң динамикасы байқалды.

Өнеркәсіп өнімдерінің көлемі 2010 жылы 22608,4 млн. теңгені құрайды деп болжанауда, немесе 2009 жылға қарағанда 113,7%. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 6970 млн теңге, немесе 2009 жылмен салыстырғанда 89,1%.

Ауыл шаруашылығы
Құрғақшылыққа байланысты 2010 жылдың қорытындысы бойынша ауылшаруашылық өнімдерінің көлемі 9,62 млрд. теңгені құрады, немесе 2009 жылмен салыстырғанда 89,79%. Айғақтық келем индексі – 80%. Биылғы жылы ауылшаруашылығына салынған инвестициялар 583,5 млн теңгені құрады.

Ауылшаруашылық секторындағы жағдайды жақсартуға еліміздің АӨКнің бәсекеге қабілеттігін арттыруға бағытталған ҚР Үкіметінің Қаулысымен қабылданған нақты шаралар ықпал етті.

2010 жылы «Қарағанды облысының агроөнеркәсіп кешенінің индустриялық-инновациялық дамытудың 2011-2015 жылдарға және 2020 жылға дейін тұжырымдамасы» бекітілді. Тұжырымдаманың негізгі мақсаты ауыл шаруашылық тауарларының өндіру көлемін арттыру, ауыл шаруашылық тауарларының бәсекелік деңгейін көтеру, мал шаруашылығының жоғарғы сапалы тауарға жеткізер асыл тұқымын, түсімі мол астық сұрыпын өсіруді, ауыл шаруашылық қолданысына енгізу, заманауи ресурс үнемдеу агротехнологиясын қолданысқа енгізу болып табылады.

Ауданның ауыл шаруашылық тауар өндірушілерінен 3,0 млрд теңгенің инвестициялық жобаларына ұсыныс түсті.

Мемлекет тарапынан қолдаудың арқасында ауданның агроөнеркәсіп кешені даму үстінде. 2010 жылы республикалық және облыстық бюджет есебінен бойынша бұл салаға 231,8 млн. теңге субсидия игерілді. Олар – элиталық тұқымға – 17,7 млн теңге, минералды тыңайтқыштарға – 50,1 млн теңге, тұқым шаруашылығын қолдауға, жанар-жағар майға және басқа да материалдық құндылықтар мен көктемгі және күзгі дала жұмыстарына 92,6 млн теңге, 1ші репродукциялық тұқым құнын жартылай арзандатуға – 52,3 млн теңге бағытталды. Соның нәтижесінде аудан бойынша өгіс көлемі 2010 жылғы өгіс көлемі 2009 жылмен салыстырғанда 15 мың гектарға көбейіп 239,1 мың гектарға жетті.

Ылғал қорын сақтау технологиясын, минералдық тыңайтқыштарды пайдалану, жоғары сапалы тұқым қолданудың арқасында құрғақшылыққа қарамастан «Шахтерское», «Пржевальское», «Жараспай», «Нұр Астық -2005» ЖШС-терінде астық шығымдылығы бцентнерден 9,7 центнерге дейін болды. Өсімдік шаруашылығында басымдылық саланы өрта-раптандыруға, ылғал қорын сақтау мен оны ылғал сақтау технологиясын қолдана отырып кең химияландыруға бағытталды. Саланы өрта-раптандыру мақсатында биыл нұт, картоп, көкөніс және майлы дақылдар көлемі 30,8%-ға көбейіп, 5022 гектарды құрады.

Ылғал қорын сақтау технологиясы бойынша өгіс көлемі 121,0 мың гектарды құрады, бұл жалпы өгіс көлемінің 50,6%-ы. Биыл алғаш рет 34 гектар жерге тамшылап суару әдісі енгізілді.

«Казагро» Ұлттық басқару холдингі АҚ институттары арқылы 643,8 млн. қаржы игерілді. Ол 2009 жылмен салыстырғанда 73%ға артық. Оның ішінде «Нұра астық» ауылдық несиесі серіктестігінен 121,1 млн. теңге, «Азық – түлік келісім-шарт корпорациясынан» көктемгі дала жұмыстары және өгін жинау науқанына – 79 млн. теңге, «Аграрлық несиесі корпорациядан» – 95,3 млн. теңге, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорынан» – 36,4 млн. теңге.

Қажетті қаражаттың бөлінуі көктемгі және күзгі дала жұмыстарын дер кезінде жүргізуге мүмкіндік берді.

Ауданда фермерлерді ауылдық тұтынушылар кооперативтеріне біріктіру, ірі тауар өнеркәсіпін дамыту мақсатында құрылған «Нұра» ЖШСі сервистік – дайындау орталығы ауыл шаруашылық техникасын екі К – 701 тракторларын, 3 соқа, 10 тұқым сепкіш, 2 «Вектор» комбайнынан және МТЗ тракторын сатып алуға және айналымдағы қаражаттың толықтыруға 102,2 млн теңге көлемінде алғашқы транш алғалы отыр.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 4 қарашадағы 1754 қаулысымен бекітілген Кейіннен өткізуге арналған ауыл

шаруашылығы жануарларын союды ұйымдастыру Ережесін орындау мақсатында бүгінгі күнге Майоровка, Байтуған, Шахтер, Ахмет ауылы, изендіден басқа 20 ауылдар мен кенттерде 21 мал сою алаңдары ашылып есептік нөмір алынды. Ауыл шаруашылық жануарларын бірдейлендіру атқарылуда. Эпизоотиялық жағдай тұрақты.

Ауданда мал шаруашылығын қарқынды дамытуға мүмкіндіктер мол Биылғы жылы «Отқанжар» ЖШСі «Жылқы шаруашылығын дамыту, 400 бас жылқы сатып алу, қымыз өндіру бойынша цех салу бойынша 150,0 млн теңгенің инвестициялық жобасын өзірледі. Одан басқа ауданымызда агроөнеркәсіп кешенінің индустриялық-инновациялық дамытудың 2011-2015 жылдарға және 2020 жылға дейін тұжырымдамасының жобасына мал шаруашылығын дамытудың 1,6 млрд теңгенің 8 инвестициялық жобасы және өсімдік шаруашылығын өрта-раптандыруға арналған 1,2 млрд теңгенің 3 жобасы енгізілген.

Биылғы жылы асыл тұқымды өніммен (материалмен) қамтамасыз өткен отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау мақсатында асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға 7,2 млн теңге және сатылған асыл тұқымды өнімнің құнын 50%-ға дейін ішінара арзандатуға 7,8 млн теңге субсидия бөлінуде. Субсидияның бөлінуі шаруашылыққа 840 бас асыл тұқымды қой сатып алуға және 65 тонна сиыр етін, 16 тонна қымыз арзандатылған бағамен қоғамдық тамақтандыру орындарына сатуға мүмкіндік берді.

Бұл бағдарлама бойынша асыл тұқымды қой өсіретін «Отқанжар» ЖШС қой зауыты 6,2 млн теңгенің субсидиясын игеріп, малды жасанды жолмен ұрықтандыруға 0,7 млн теңгенің субсидиясын игерді. Республикалық бюджеттен ірі қара малдың аналық мал басының құнын төмендетуге 34,0 млн теңге игерілді.

Мал шаруашылығын дамытуға, малдың өнімділігін көтеруге жүйелі шаралар қолдану қажет. Ол шаралар малдардың генетикалық потенциалын көтеруге мақсатты жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді. Мал шаруашылығының тиімділігін арттыруда өнімділікті арттыру және ауыл шаруашылық жануарларын бірдейлендіру аса маңызды.

Кәсіпкерлікті дамыту

Нарық қатынастарына кешу ауданда шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға ықпал етті.

2010 жылы ауданда шағын кәсіпкерлік субъектілер саны 1036ға жетті немесе 2009 жылмен салыстырғанда 104,5%. Шығарылатын өнім көлемі 2008 жылға қарағанда 13,4%ға көбейіп 2760,7 млн. теңгені құрады. Шағын бизнеске 2552 адам қамтылған, немесе 2009 жылға қарағанда 17,5%ға көбейді. Өнім көлемі 2009 жылға қарағанда 21,2%ға өсіп, 3346 млн теңгені құрады.

2009 жылы аудан кәсіпкерлері 336,4 млн. теңгенің несиесін алды, немесе 2009 жылға қарағанда 133,6%. Атап айтсақ: «Нұра астық» несиесі серіктестігінен 14 жобаға 120 млн теңге, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорынан» 45 жобаға – 36,4 млн. теңге, «Асар көмек» шағын несиесі ұйымынан 7 жобаға – 5,7 млн. теңге, «Агронесиелік корпорациядан» – 95,3 млн. теңге, «Азық түлік» корпорациясынан 2 жобаға 79 млн теңгенің несиесі алынған.

2010 жылдың басынан 4 жаңа кәсіпорын тіркелді, оның ішінде: 2 құрылыс саласында, 2 – саудада. «Агроконсалтинг» АҚ арқылы лизинг бойынша 3,6 млн теңгеге екі модульдік монша сатып алынды. Олар Майоровка және Ахмет ауылына қойылмақ, «Агроконсалтинг» АҚ-мен келісім шарт бойынша Киевка кентінде қою үшін құны 7 млн теңгенің «Вятка» ағаш өңдеу станогы сатып алынды.

Тұрғындарға қызмет көрсететін бизнес құрылымдарының белсенділігін арттыру ауылдықтар өмірінің тұрмыстық қызметтерге қол жетімдігін қамтамасыз етумен қатар, мәдениетін де көтеруге мүмкіндік туғызып отыр. Биылғы жылы аудан орталығында «Тайқазан» Қ.Өбдікерімов, «Арайлым» Р.Жұмабекова мейрамханалары ашылды. Жергілікті атқарушы органдардың саясаты ауданда кәсіпкерліктің дамуына қолдау көрсетуге бағытталған.

Жеке кәсіпкердің (Протасова Н.В.) қаражатына Киевка кентінде мал сою пункті ашылды. «Отқанжар» және «Қайнар» ЖШС-тері республикалық бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бойынша «Парыз» конкурсына қатысты. Конкурс нәтижесі бойынша «Орта кәсіпкерлік субъектісі» номинациясында «Отқанжар» ЖШСі жеңімпаз атанса, «Қайнар» ЖШСі номинант болды. Өткен жылда Изенді, Щербакоское елді мекендерінде тәжірибе алмасу бойынша облыстық семинар өтті.

Бюджеттік саясат

Қабылданған бағдарламалардың орындауы республикалық және жергілікті бюджет қаражаттарын игеру нәтижесінде қол жеткізілді. 2010 жылы аудан бюджеті 2126,6 млн. теңгені құрады, оның ішінде 1377,2 млн теңге субвенция, республикалық және облыстық бюджеттен алынған трансферттер – 446,5 млн теңге, салық заңнамаларындағы өзгертулерге байланысты түсімдер азаюының орнын толтыруға 32,7 млн теңге. Бекітілген бюджет бойынша өз кірістеріміз 270,2 млн теңгені құрады. Салық салу базасын кеңейту бойынша жұмыстар жүргізілді.

Бюджеттің негізгі шығыны басымды бағыттардың бірі білім беру саласына 56,5%ын құрайды. Сонымен қатар мәдениет пен спортқа, тұрғын үй шаруашылығына жұмсалды. Бюджеттің шығыс бөлігінің артуы бюджет саласының жалақыларының көбеюі, 3 ауыл клубының ашылуы, 2 интернат ашылуы және оқушыларды мектепке жеткізу шығындарымен сипатталады.

Киевка кентіндегі №2 бала бақша ғимаратын қайта жөндеуден өткізуге 156,2 млн теңгенің бөлінуіне қол жеткіздік. Объект тәуелсіздіктің 20 жылдығына орай аяқтамақ.

Коммуналдық меншік
2009 жылдың 27 желтоқсанына қарағанда 77 мемлекеттік мекемелер тіркелген, 2 - КМК және 3 - КМКҚ, негізгі құралдарының құны 2460,8 млн. теңге. Аудандық коммуналдық меншіктің тізбесінде есепте жалпы құны 695 млн. теңге болатын 173 ғимарат тұр, олардың жалпы құны 1697,0 млн. теңге. 2009 жылы коммуналдық меншікті жалға беруден аудандық бюджетке 346,0 мың теңге түсті.

2010 жылы 7,4 млн теңгеге сәйкестендіру құжаттары дайындалды, оның ішінде: - Киевка кентіндегі, Жараспай, Майоровка, Пржевальский, Кебетей, Байтуған ауылдарындағы су құбырлары, Ақпасов, Абай көшесіндегі тұрғын үйлер, 18 пәтерлі тұрғын үй және қазандық ғимараты бар.

Сот шешімі бойынша аудандық коммуналдық меншікке 3 объект қабылданды, оның ішінде Тассуат ауылының ФАПы, Байтуған және Кебетей ауылдарының су құбырлары. 2010 жылы 193 иесіз объект анықталып, оның 146-сы өділет басқармасына есепке қойылды. Оның ішінде Балықтыкөл, Жанбөбек, Қантай, Көртінді, Құланөтпес, Талдысай, Тікенекті, ауылдарының су құбырлары және Талдысай, Тікенекті, Жанбөбек ауыл клубтары, сонымен қатар 136 су шаруашылық ғимараттары бар.

«Каратал» КМК-ң балансында 12 су құбырлары тұр. «Каратал» КМК жарғылық капиталы 2009 жылға қарағанда 20%ға өсіп 1147 млн. теңгеге жетті. Тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық

1. Ауызсумен қамтамасыз ету.

Ауданда мемлекеттік «2002-2010 жылдарға арналған ауызсу» бағдарламасымен 37 елді мекеннің 30-ы қамтылған. Орталықтырылған сумен қамтылған 19 ауыл, немесе аудан халқының 67,2%. 2010 жылы су құбырлары жүйесін дамытуға республикалық бюджеттен 181 млн теңге қаражат (Байтуған, Шахтер, Кебетей) бөлінді, аудандық бюджеттен Заречное, Кебетей ауылдарының су құбырларына құжаттар өзірлеуге және Тассуат, Талдысай ауылдарындағы су құбырларының құжаттарын жаңартуға 9,2 млн теңге бөлінді.

Бүгінгі таңда Байтуған ауылының су құбырлары 77,2 млн теңгеге, Кебетей ауылының су құбырлары 48,8 млн теңгеге қайта құрылып, пайдалануға берілді. Шахтер ауылының су құбырларында 2010 жылы 53,1 млн теңге игерілді. Жаңа санитарлық нормаларға сәйкес Шахтер ауылының су құбырларын жүргізу жұмысының жобасы қайта жасалып, су өр пайдаланушының үйіне жеткізіліп және есептегіш құралдары қойылатын болады. Оған 4,6 млн теңге бөлінді. Пайдалануға берілген су құбырларының бәрі «Қаратал» КМКның балансына алынады. ҚРның табиғи монополияларды реттеу агенттігінің

Қарағанды облысы бойынша Департаментінің бұйрығымен «Қаратал» КМКның жүйелерінен су тұтынушылар үшін тариф бекітілген. Ол әр адамға 122,4 теңгені құрайды. Бірақ тұрғындарға ауыз суды жеткізудің құнын азайту үшін, баламасыз ауыз су кезі болып табылатын су кездерінен суды тұрғындарға жеткізуге 2010 жылы республикалық бюджеттен 7,6 млн теңге субсидия бөлінуінің арқасында қазір бұл сома 72 теңгеге дейін төмендеп отыр. 2011 жылдан бастап елді мекендерді сумен қамтамасыз ететін «Ақ бұлақ» бағдарламасы енгізілуде, оның жүзеге асырылуымен ауыл тұрғындарының 80%-ы сапалы ауыз сумен қамтылмақ.

Жарық беру

Ауданда 1745 км электр беру желілері, 29 электроподстанциялары және 318 КТП бар. Электр қуатымен қамтылмаған елді

мекендер жоқ.

2009 жылы қолданыстағы электр желісінің ұзындығы 231,55 шақырымына 12,5 млн. теңгенің күрделі жөндеу жұмысы жүргізілген.

Ауданның электр қуатымен қамтылуында проблемалы мәселелерінің бірі электр қуатын тасымалдау (93%) мен күш беретін жабдықтардың (78%) тозуы. Электр қуатымен қамтитын ұйым – «Жезқазғанэнергосбыт» ЖШСі.

2010 жылы 5 тп және 71 КТПға жөндеу жұмыстары жүргізілген. Электр қуатының тапшылығын төмендету үшін техникалық қайта жарақтандыру, ауданның қолданыстағы электр қуатын тұтыну нысандарын қайта жабдықтау, нормативтен тыс шығынды төмендету, энергияны үнемдеу жабдықтарын енгізу, электр қуатының тиімділігін жоғарылату іс шаралары қолданылуда. Қарағанды облысы әкімі мен «ENRC» ЖШС арасындағы өзара ынтымақтастық туралы меморандумы бойынша бөлінген қаржы есебінен Шұбаркөл кентіндегі қазандықты ұстауға 20,5 млн. теңгеге қаржы бөлінген.

Ауыл ішіндегі автомобиль жолдары. Ауданды жыл сайын ауыл ішіндегі автомобиль жолдарының жөндеу жұмыстарына көңіл бөлінуде. 2010 жылы ауыл ішіндегі кеше жолдарының жағдайын жақсарту үшін «Жол картасы» аясында Киевка кентінің; Қарой, Заречное, Пржевальское ауылдарына орташа жөндеу жұмыстарын жасау үшін 22,7 млн. теңге қаржы бөлінген. Облыстық бюджет есебінен жолдарды ұстауға 19,6 млн теңге бөлінді.

Сонымен қатар облыстық маңызды автожолдардың 47 шақырымына жөндеу жұмыстары жүргізілді:

- Қарағанды – Шахтинск-Есенгелді-Щербакоское – Киевка жолын қайта жөндеу 510,5 млн теңгеге, ұзындығы 10 шақырым.

- Қарағанды – Шахтинск-Есенгелді-Щербакоское – Киевка жолын күрделі жөндеу, 350 млн теңге ұзындығы 7 шақырым.

- Пржевальское – шахтер автожолын күрделі жөндеу 395 млн теңге, ұзындығы 15 шақырым.

- Киевка-Шахтер-Пржевальское автожолын 72,3 млн теңгеге орташа жөндеу, ұзындығы 15 шақырым.

- Осаковка-Киевка жолына орташа жөндеу 77,6 млн теңгеге.

Аудан арқылы 185 шақырым республикалық маңыздағы жолдар өтеді. Астана-Теміртау жолының 7,5 шақырымына Ахметауылдан Ақмола облысының шекарасына дейінгі және Кебетейден Бірінші май ауылы арасында 3 шақырымына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Облыстық маңыздағы жолдар 455 шақырым, оның қайта жөндегені 30 шақырым, күрделі жөндегені 70 шақырым, яғни 22% ды құрайды.

Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасы жүзеге асырылуда. Республикалық бюджеттен жалға берілетін екі пәтерлі үйге 11,0 млн теңге қаражат бөлігіп, игерілді. Облыстық бюджет трансферттері есебінен 53 млн теңгеге 18 пәтерлі тұрғын үй пайдалануға берілді. Республикалық бюджеттен Киевка кентінің инженерлік коммуникацияларға 4 млн теңге бөлінген. Аз қамтылған екі отбасына жалға берілген жаңа үйден пәтерлер берілді. Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет саласына жұмыс істеуге келген жас мамандар қызметтік пәтерлерге ие болды.

Абаттандыру.

Көпшілік пайдалану орындары абаттандырылуда: Киевка кентінің Тәуелсіздік саябағын қайта құру бойынша жұмыстары 20,0 млн. теңгеге жасалды. Киевка кентінде Қарағанды облысы әкімі мен «ENRC» ЖШС арасындағы өзара ынтымақтастық туралы меморандум бойынша бөлінген қаржы есебінен 6,5 млн. теңгеге Қонаев кешесіне тротуар салынып, кеше шамшырақтары орнатылды. Тұрғылықты жерлердің санитариялық жағдайын жақсарту үшін 5,5 млн. теңге бағытталған. Жол картасы бойынша 3 елді мекенде: Шұбаркөл, Құланөтпес, Жанбөбек ауылдарында 1,3 млн теңгеге санитарлық тазалау жұмыстары жүргізілді.

7. Басымды бағыттардың бірі білім беру болып табылады.

Жыл сайын білім беру саласына жұмсалатын шығын өсірілуде. 2010 жылы білім бері саласына жұмсалған қаржы 1197,0 млн. теңгені құрады. Жалпыға білім беру қоры 2010 жылы 11,3 млн. теңгені құрады. Білім беру ұйымдарының ағымды және күрделі жөндеу жұмыстарына жұмсалатын қаражатты өсіруге мақсатты түрде жұмыс жүргізілуде.

«Жол картасы» аясында 2010 жылы 9 мектепте ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді

Жалғасы 3ші бетте

Тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту - басты мақсат

Нұра ауданының әкімі Серік Жаманқұлұлы Шайдаровтың халық алдындағы есебі

Жалғасы. Басы 1,2 беттерде

– Киевка №2, Индустриальная, Сейфуллин атындағы, Шайменов атындағы, ПутьЛенина, Баршын, Щербаков орта мектептерінде жалпы құны 31,9 млн теңгеге. Осы атқарылған жұмыстар нәтижесінде 2009-2010 жылдарда Жол картасы бойынша 23 білім беру объектісі жөндеу жұмыстарымен қамтылған.

« Жол картасы» аясында 2010 жылы 9 мектепте ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді – Киевка№2, Индустриальная, Сейфуллин атындағы, Шайменов атындағы, ПутьЛенина, Баршын, Щербаков орта мектептерінде жалпы құны 31,9 млн теңгеге. Осы атқарылған жұмыстар нәтижесінде 2009-2010 жылдарда Жол картасы бойынша 23 білім беру объектісі жөндеу жұмыстарымен қамтылған. Жылдан жылға білім беру ұйымдарының материалдық техникалық базасы нығайтылуда: жаңа мектеп жиһазын сатып алуға, физика, химия, биология, кабинеттеріне жабдық алуға, мектептерді спорттық құрал жабдықпен, компьютерлермен, лингафондық құралдармен толықтыруға мүмкіндік берді. Бұл мақсатқа 54,5млн теңге қаражат жұмсалған, оның ішінде республикалық бюджеттен 32,5 млн теңге. Соның нәтижесінде кабинетпен қамтамасыз етілу 2010 жылы 40 % -ға дейін өсті.

Білім берудің дамыту аймақтық бағдарламасымен қарастырылған шаралардың арқасында мектептерді компьютерлендіруде бірталай табыстарға қол жетті. Жыл сайын компьютер паркін толықтырудың арқасында 1 компьютерге 6 оқушыдан келетін болды.

Мультимедиа кабинет орнатылып, іске қосылды, мектептерде бастауыш мектеп, орта және жоғарғы топ (буын) оқу жоспарының пәндері бойынша электрондық оқулықтары бар. Интерактивті тақталармен қамтылу 34 пайызды құрап отыр. мектептер 100% интернетке қол жеткізген, 2010 жылы 5 мектеп жалпақ қолақты интернетке шығуға мүмкіндік алып отыр.

Басқаларының жалпақ қолақты интернетке қол жеткізу үшін барлық байланыс жүйесін жетілдіру қажет, ол дегеніміз талшықты-оптикалық байланыс желісіне көшу керек. Осының бәрі аудан оқушыларына тиімді ақпараттық – оқыту ортасын қамтамасыз етуге және оқу-тәрбие саласын жақсартуға мүмкіндік береді.

Аудан бойынша барлығы 1312 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілген. 2010 жылы 1-4 сынып оқушыларының тегін тамақтануына жергілікті бюджеттен 21,9 млн. теңге бөлінген, ол 2009 жылға қарағанда 130%ға өскенін білдіреді. Ыстық тамақпен қамтамасыз ету 77% -ды құрады. Бір оқушыны оқыту үшін жұмсалатын қаржы 2009 жылғыдан 24,6%-ға өсіп 248 мың теңгені құрап отыр.

2009 жылмен салыстырғанда ҰБТ бойынша орташа балл 7,8 баллға өсіп 2009 жылы 77,8 баллды құрады. Бұл дегеніміз облыс бойынша ауылдық аудандар ішінде үшінші нәтиже. ҰБТ тапсырған 199 жеткіншектің 102сі жоғарғы оқу орнына түсті, немесе 48 грантқа ие болды.

2009 жылы «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша 33 педагог келді. Ауылдық жерлердегі әлеуметтік сала мамандарына әлеуметтік қолдау көрсету шараларын жүзеге асыру мақсатында әрбір маманға 98,9 мың теңге көлемінде көтерме жәрдем ақысы төленді, 13 ұстаз тұрғын үй сатып алу үшін бюджеттік несие алды. Мектепке дейінгі білім беру саласына ерекше көңіл бөлінеді. Аудан мектептерінің жанында 1020 бала қамтылған 27 кіші-орталық қызмет етуде. Киевка кентінің мектепке дейінгі «Алтын дән» мекемесінде 120 бала тәрбиеленуде. 2009 жылы мектепке дейін білім беру көлемі 92%-ға өсті. Ауданның мектепке дейінгі ұйымдарын қайта жаңғырту бойынша аймақтық бағдарламасын жүзеге асыру аясында жұмыстар жүргізілуде.

Инновациялық технологиялық оқытуды енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде. Киевка №3 мектебі «Білім бері жүйесін бағалау – білім сапасы» атты халықаралық жобасын игеруге, ал Шалабеков атындағы жалпы білім беру мектебі «Денсаулықты нығайтуға үлес қосушы мектеп» жобасының Европалық желісіне енгізілді.

Педагогика қызметкерлерін ынталандыру мақсатында 2009 жылы ұлттық

бірыңғай тестілеу нәтижесі бойынша ауданның үздік мұғалімдеріне бір миллион теңге көлемінде ақшалай сыйақы берілді. Бекітілген Ережеге сәйкес пәндер бойынша үздік көрсеткіштерге қол жеткізген 10 мұғалім 100 мың теңге көлеміндегі ақшалай сыйлыққа ие болды. Бірыңғай ұлттық тестілеу нәтижесі бойынша Шайменов атындағы мектебінің педагогикалық ұжымына «Даналық пен білімділік символы» ауыспалы кубогі табыс етілді.

Өткен оқу жылында үздік оқығаны үшін 8 «Алтын белгі» иелеріне демеушілер қаражатынан құнды сыйлықтар – жаңа лекті компьютерлер табыс етілді. Мұғалімдер мен оқушыларды ынталандыру биылғы жылы да жалғасын табады.

Білім беруді дамыту биылғы жылы да оқыту деңгейін, білім сапасын жоғарғы, қазіргі заман талаптарына сай жетістіктерге жеткізуге, бастауыш және орта білім беру жүйесін әлемдік стандарттарға жеткізуге бағытталған.

8. Ауданда мәдениетті дамыту өте маңызды орын алады. Бүгінгі таңда ауданның әлеуметтік – мәдени инфрақұрылымы 67 мәдени нысандармен белгіленген. 29 клубтық құрылымдардың 17-сі мемлекеттік немесе 59%, 12-сі жеке меншік немесе 41%. 2009 жылы сот шешімімен мемлекеттік жүйеге енген Изенді, Құланөтпес (Теңіз аймағы), Ақмешіт ауыл клубтары 2010 жылда жөндеуден өтіп, пайдалануға берілді.

2010 жылы Жол картасы аясында 6 объект жөнделіп (Жараспай- 2,5млн теңге, Ақмешіт- 4,3млн теңге, Мыңбаев- 3,1млн теңге, Құланөтпес- 872 мың теңге, Кертінді – 6,1млн теңге, Изенді – 26,4 млн теңге ауыл клубтары) 43,4 млн теңге қаражат игерілді. Осы жүргізілген жұмыстар нәтижесінде 13 мәдениет объектілері жөндеу жұмыстарымен қамтылды, әлеуметтік тиімділігі 81%ды құрап отыр.

Аудан тұрғындарына 35 мемлекеттік кітапхана қызмет көрсетеді. Тоғыз кітапхана модельді болып саналады, 16 кітапхана немесе 47% Интернетке қосылған. Барлық кітапханалар компьютерлендірілген. 28 кітапхана телефондандырылған немесе 80%. Бүгінгі таңда кітапхана жұмысының басымды бағыттарының бірі - өлкетану болып табылады. Ауыл кітапханашыларының арқасында көптеген бағалы құжаттар, экспонаттар жиналған. Тәуелсіздік мерейтойына қарсы аудан тұрғындары үшін ауданда мұражай ашылуы үлкен сый болмақ.

Ауыл тұрғындарының мәдениет қызметтерін көрсету аясы кеңею түсті. Аудан тұрғындарына кәсіби режиссерді тарту нәтижесінде екі спектакль қойылып көрсетілді. Бірі «Бір топ алма ағашы» драмасы, екіншісі «Қозы Көрпеш Баян Сұлу» трагедиясы. Ауданның мәдениет қызметкерлері алдында «Халық театры», ал аудандық мәдениет үйінің халық аспаптар оркестрі алдында «Халық оркестрі» атағын қорғау міндеттері тұр.

Биылғы жылы да маман кадрларды тарту бойынша, фестивальдар мен сайыстар арқылы өнерпаз таланттарды анықтау бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіледі. Жалпы мәдениетті дамытуға қолайлы жағдай жасау әрі қарай жалғастырылады.

9. Денсаулық сақтау саласы ерекше көңіл бөлуді талап етеді. Жергілікті атқарушы органдар азаматтардың денсаулығын жақсарту, медициналық көмек көрсету сапасы мен қол жетімділігін қамтамасыз ету бойынша халықтың денсаулығын сақтау саласының мемлекеттік саясатының негізгі принциптерін жүзеге асыру бойынша нақты шаралар жүргізіліп отыр. 2010 жылдан бастап тұрғындарға стационарлық көмек көрсетуді бірыңғай денсаулық сақтау жүйесіне ауыстыру бойынша жұмыс жүргізілді. 2010 жылдың 1 шілдесінен медицина мекемелерінде жоспарлы госпитализация порталы енгізілген.

«Жол картасы» бойынша екі денсаулық сақтау мекемесінде 20,0млн теңгенің күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Емдеу мекемелерін жөндеу жұмыстарымен қамтудың ете төмен деңгейде болуы, 24 ғимараттың 2і ғана коммуналдық меншікте.

Шұғыл медициналық көмекке мұқтаж ауруханаларға жеткізу жүзеге асырылып отыр. Өткізілген шаралар нәтижесінде әлеуметтік маңызы бар негізгі аурулардың деңгейі төмендетіліп отыр. Дегенмен жаңа туған нәресте-

лердің шетінеуі алаңдатуда – 2009 жылы 6, 2010-2. Бұл мәселеде алдын алу шараларын жүзеге асыруымыз қажет.

Ауданға медицина мамандарын тарту жұмыстары жүргізілді. 2010 жылы екі жоғары білімді дәрігерге қызметтік пәтерлер берілді. Оларға енді 70 АЕК көлемінде бір жолғы көтерме ақы төлеу қарастырылып отыр. Халықтың денсаулығын нығайтуда саламатты өмір салтын насихаттау, бұқаралық спортты дамыту ерекше орын алады. Біздің спортсмендеріміздің қол жеткізген нәтижелері ауыз толырарлық. Өткен жылда біздің ауданда облыстық «Сары Арқа 2010» жазғы спартакиада өтті. Бірінші рет Нұра ауданы 9 ауылдық аудандар арасында бірінші орынға ие болды. Республикалық жарыстарды жеңімпаздар саны да жылдан жылға өсуде - 1 алтын, 1 күміс, екі қола, ал облыстық жарыстарды 6 алтын, 12 күміс, 7 қола медаль иеленді.

10. Халықты әлеуметтік қорғау. Жұмыспен қамту бағдарламасы бойынша 2010 жылы 1034 жұмыссыз жұмыспен қамтылды, яғни өтініш жасағандардың 92%-ы. Оған үкіметтің іс шаралары Жоспары немесе «Жол картасы» оң әсерін тигізді. «Жол картасы» шеңберінде ауданда 294,3млн теңгенің 27 объектісі анықталды. «Жол картасы» бойынша 412 жұмыс орны құрылды, оның 288-і жұмыссыздар үшін. Мердігерлерді қоса есептегенде жіберілген жұмыссыздар саны 319ды құрады. 9 ұйым мен кәсіпорындарды республикалық бюджет есебінен 6,4 млн теңгеге 53 әлеуметтік жұмыс орны құрылды, оған 6 ай мерзімге 30 мың теңге айлық жалақымен жұмыссыздар жіберілді. Жастар практикасына «Жол картасы» аясында жоғарғы және орта оқу орындарының 12 түлегі 20,0 мың теңге жалақымен жұмыспен қамтылды.

11 Қоғамдық қауіпсіздік.

